

*Д.М. Ахметова^{*1}, Н.А. Байбахов²*

¹ «Alikhan Bokeikhan University» PhD докторанты, Семей, Қазақстан
E-mail: dinara0706@bk.ru

² Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік Университеті, Түркістан, Қазақстан
E-mail: nurbol.baibakhov@ayu.edu.kz

ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ТЫЛ ЖҰМЫСТАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ АХУАЛЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Кеңес үкіметі Қазақстанда орнағанға дейін қоғамдық және мемлекеттік міндеттер ер адамдардың әрекетімен жүзеге асты. Кеңес үкіметінің гендерлік теңдік саясаты әйелдердің қоғамдық істерге араласуына бірден жол аша қойған жоқ. Қыз балалардың орта мектептерде білім алу мүмкіндіктері біртіндеп жолға қойылды. Ағартушылық саласына әйелдердің тартылу үрдісі олардың әлеуметтік белсенділіктерін арттырды. Кейіннен индустриаландыру және ұжымдастыру нақандарында әйелдердің тұрмыстық рөлі күр өзгерістерге ұшырады. Әйелдердің әлеуметтік-шаруашылық жұмыстарға араласу әрекеттері ұлғая түсті және тұрмыстық рөлдері екінші орынға ауыса бастады. Бұл құбылысы бірқатар тұрмыстық қатынастардың өзгеруіне алып келді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ер азаматтардың майданға аттануы тыл жұмыстарында жұмысшы тапшылықтың қиыншылықтарын тудырды. Білім саласында да кадр жетіспеушілігі аса байқалды. Бұл мәселенің кемшіліктерін толықтыру, кеңес билігіне шұғыл шешімдер қабылдауға итермеледі.

Әйелдердің әлеуметтік-тұрмыстық және мәдениет салаларындағы жауапкершіліктері олардың табиғи жаратылыс заңдарына қайшылықтар тудырды. Майданды азық-түлікпен, оқ-дәрімен қамтамасыз ету бойынша тапсырмалардың үлкен бөлігі әйелдердің тікелей қатысуымен жүзеге асты. Бұл үдерістер барысында әйелдердің тұрмыстық істерге араласуы қиындықтарға жол ашты. Бұл мәселе қазіргі отандық тарихта кемшін қарастырылып келе жатқан тақырыптардың қатарына жатады.

Бұл мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Қазақстан әйелдерінен педагог кадрларын даярлаудың жалпы үрдісі пен күрделі кезеңдерінің аспектілері талқыланған. Сонымен қатар, әйелдердің әлеуметтік-қоғамдық рөлінің өзгеруіне қатысты идеялар пайымдалды.

Кілт сөздер: Екінші дүниежүзілік соғыс, әйелдер, Қазақстан, жұмысшы кадрлар, білім жүйесі, мектеп, майдан.

*Ахметова Д.М.^{*1}, Байбахов Н.А.²*

¹ «Alikhan Bokeikhan University» PhD, Семей, Қазақстан, E-mail: dinara0706@bk.ru

² *Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан*
E-mail: nurbol.baibakhov@ayu.edu.kz

ОСОБЕННОСТИ СОЦИАЛЬНО-БЫТОВОЙ СИТУАЦИИ В ТЫЛОВОЙ РАБОТЕ ЖЕНЩИН КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ

Аннотация

До того, как советское правительство было установлено в Казахстане, общественные и государственные обязанности выполнялись действиями мужчин. Политика советского правительства в области гендерного равенства не сразу открыла двери для участия женщин в общественных делах. Постепенно налаживались возможности обучения девочек в средних школах. Тенденция к вовлечению женщин в сферу просвещения усилила их социальную активность. Впоследствии бытовая роль женщин в кампаниях индустриализации и коллективизации претерпела изменения. Усилия женщин по вмешательству в социально-хозяйственную деятельность увеличились, и их бытовые роли начали смещаться на второй план. Это явление привело к изменению ряда бытовых отношений. Отправление на фронт граждан мужского пола в годы Второй мировой войны создало проблемы нехватки рабочих в

тылу. В сфере образования также наблюдается острая нехватка кадров. Восполнение недостатков этого вопроса побудило советскую власть принимать срочные решения. Ответственность женщин в социально-бытовой и культурной сферах вызвала противоречия в их естественных законах творения. Большая часть задач по обеспечению фронта продовольствием, боеприпасами осуществлялась при непосредственном участии женщин. В ходе этих процессов вмешательство женщин в бытовые дела открыло путь к трудностям. Этот вопрос относится к числу тем, которые слабо рассматриваются в современной отечественной истории. В данной статье обсуждаются общие тенденции и аспекты сложных этапов подготовки педагогических кадров женщин Казахстана в годы Второй мировой войны. Кроме того, были высказаны идеи относительно изменения социально-общественной роли женщин.

Ключевые слова: Вторая мировая война, женщины, Казахстан, рабочие кадры, система образования, школа, фронт.

*D.M. Akhmetova*¹, Baibakhov N.A. ²*

¹ "Alikhan Bokeikhan University" PhD, Semey, Kazakhstan, E-mail: dinara0706@bk.ru

*² Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
E-mail: nurbol.baibakhov@ayu.edu.kz*

FEATURES OF THE SOCIAL AND HOUSEHOLD SITUATION IN THE REAR WORK OF WOMEN IN KAZAKHSTAN DURING THE SECOND WORLD WAR

Abstract

Before the Soviet government was established in Kazakhstan, public and state duties were performed by the actions of men. The Soviet Government's policy on gender equality did not immediately open the door to women's participation in public affairs. The opportunities for girls to study in secondary schools were gradually being improved. The trend towards the involvement of women in the field of education has increased their social activity. Subsequently, the domestic role of women in the industrialization and collectivization campaigns underwent changes. Women's efforts to intervene in social and economic activities have increased, and their domestic roles have begun to shift into the background. This phenomenon has led to a change in a number of everyday relationships. The sending of male citizens to the front during the Second World War created problems of a shortage of workers in the rear. There is also an acute shortage of personnel in the field of education. Filling in the shortcomings of this issue prompted the Soviet government to make urgent decisions. The responsibility of women in the social, household and cultural spheres has caused contradictions in their natural laws of creation. Most of the tasks of providing the front with food and ammunition were carried out with the direct participation of women. During these processes, the intervention of women in domestic affairs opened the way to difficulties. This issue is one of the topics that are poorly considered in modern Russian history. This article discusses the general trends and aspects of the difficult stages of the training of teaching staff of women in Kazakhstan during the Second World War. In addition, ideas were expressed on changing the socio-social role of women.

Keywords: World War II, women, Kazakhstan, workers, education system, school, front.

Кіріспе.

Кеңес үкіметінің Қазақстанда орнауы әйелдердің қоғамдық-әлеуметтік жауапкершіліктеріне қосымша күш салғаны анық. Әйелдер өздерінің жаратылыс табиғатына қарсы жұмыстармен мәжбүрлі түрде шұғылдана бастады. Олардың тұрмыстық ортадағы мәртебелері түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастады. Біртіндеп бұл үрдіс қазақ әйелдерінің ағартушылық-мәдениет салаларындағы рөлдерінің ұлғаюына алып келді. Аталған өзгерістердің оң нәтижелері болғанымен, теріс қырлары да аз емес еді. Әйелдердің әлеуметтік-шаруашылық міндеттерінің артуы оларға шамадан тыс жауапкершіліктің жүктелуіне әкеліп соқты. Бұл тұрмыстық қайшылықтарды тудырмай қоймады. Қазақстан әйелдері тыл жұмыстарының негізгі қозғаушы күшіне айналды. Олар майданға аттанған ерлердің орнын толықтырды және жаңа мамандық түрлерін игерді. Мысалы әйелдердің педагогика, ауыр өндіріс, жеңіл өнеркәсіп, техника жүргізу салаларындағы саны күрт өсті.

Әсіресе педагогика саласындағы әйелдердің маңызы соғыс уақытысында қалыптасты және осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Әйелдер соғыс уақытысында әлеуметтік-психологиялық және моральдық қиыншылықтардың түрлі формаларын бастан кешірді. Оларға күндіз кеңшарларда еңбек міндеткерлігін атқаруға тура келді. Ал, кешкісін тұрмыстық жұмыстарды қолға алу және реттеу жауапкершіліктері күтіп отырды. Тұрмыстағы әйелдерге балаларына азық-түлік тауып беру және азықтандыру міндеті кеңшар-лардағы тапсырмалардан кем тұрмады. Аталған ахуалдардың барлығы

оларға психологиялық қысымды тудырғандығы сөзсіз. Қазақстан әйелдеріне соғыс уақытысында «әйел нәзік» деген табиғи жаратылыс заңынан ауытқып, «әйел қайсар рухтан тұрады» деген үндеумен өмір сүрді. Тұрмыстық қиыншылықтар әйелдердің қабырғасын қатты қайыстырғандығы сөзсіз. Себебі, өздері мен балаларына азық-түлік тауып, ас даярлау мәселесі бірінші кезекте тұрды. Соғыс кезеңінде КСРО билік жетекшілігінің шешімімен тылдағы тұрғындарға азық-түлік үшін карточка жүйесі енгізілген болатын. Бұл жүйенің аясында нан, сүт, ет, қант сияқты бірінші қажетті тауарлар арнайы карточкамен берілді. Ал сүт, нанның балалар үшін қаншалықты қажет екендігін ұғыну жеткілікті.

Жоғарыда аталған кедергілерге қарамастан, балаларын азық-түлікпен қоректендіріп, тыл жұмыстарын мүлтіксіз орындау қазақ әйелдеріне моральдық жүктерді артқандығы сөзсіз.

Материалдар.

Мақалада Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында жарыққа шыққан БАҚ беттері мен ғылыми жария-ланымдары пайдаланылды. Сонымен қатар, электронды ғылыми ресурстарда жарыққа шыққан жекелеген зерттеушілердің жұмыстарының пайымдары мен мәліметтері қолданыс тапты.

Әдіснама.

Мақалада тарих және әлеуметтік пәндердің әдістері кең қолданылды. Соғысқа дейінгі және соғыс жылдарындағы әйелдердің тыл жұмыстарындағы кадрлық көлемінің өзара айырмашылығын анықтауда салыстырмалы-талдау әдісі пайдаланылды. Әйелдердің білім құрылымындағы мекемелердегі (институт, училище, техникум, мектеп) үлесінің көлемін айқындауға типология әдісі көмектесті. Типология әдісінің көмегімен білім мекемелерінің қызметін түрлерге бөліп, олардағы әйелдердің саны мен сапасын түсінуге қол жеткіздік. Соғыс кезіндегі әйелдердің іс-әрекеттері мен қызметтерінің мәнін жүйелі және сабақтастық тұрғысында ашуда ретроспективті әдісіне назар аударылды. Бұл әдіс әйелдердің білім саласындағы жетістіктері мен қиыншылықтарын жоғары түрде шынайы қабылдауға жол ашты. Сол уақыттың шындықтарына тікелей қарауға итермеледі. Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңіндегі қазақстандық әйелдердің білім жүйесіндегі үлесі мен рөлінің артуына ықпал етуші факторлардың себептерін айқындауда тарихи генетика әдісі үлкен рөл ойнады. Бұл әдіс әйелдердің жалпы қоғамдағы белсенділігі мен қызмет сапасының өзгеруінің нақты себептерін ашуға көмектесті. Бұл тақырып бойынша кеңестік және қазіргі уақыттағы отандық ғалымдардың еңбектері қолданыс табады. Ол деректердің теориялық-әдіснамалық ұстанымдары түрлі мазмұнға ие. Сол айырмашылықтардың ортақ түйінін тауып, өзіндік қорытынды жасауға салыстырмалы-талдау әдісі көмектеседі.

Нәтижелер.

Қазақстан әйелдерінің XX ғасырдың бірінші жартысындағы әлеуметтік-тұрмыстық салалардағы өмір кезеңдері гуманитарлық-әлеуметтік ғылымдар кеңістігінде үлкен қызығушылықтар туғызуда. Қазақ әйелдері осы кезеңдер аралығында дүниежүзілік соғыстардың барысы мен салдарларын, мемлекеттік құрылыстардың өзгеру формаларын, күнделікті өмірдің күрт ауысу заңдылықтарын бастан өткізді. Бұл тарихи үндеулер қазақ әйелдерінің табиғи болмыстары мен ертеден қалыптасқан адами қабілеттерінен ажыратуға дейін алып барды. Батыстық әлеуметтік прогресс жобасын ұстанған большевиктер, барлық салаларда тең құқықты жақтауға ұмтылды. Бірақ, әлеуметтік теңдікті шынайы бекіту, оның ішінде әйел-дерге тек сайлау құқығын беру ғана емес, олардың әлеуметтік сұраныстарын – білім алуға, денсаулықты қорғауға, экономикалық және басқа да қызметтерге қатысуға жағдай жасауды талап етті. Ал, аталған прогресстік қадамдар тек қаржы, кадрлар, инфрақұрылым және т.б. мәселелер қамтамасыз етілген жағдайда ғана мүмкін болтындығы түсінікті. Кеңес үкіметінің алғашқы құрылған жылдары әйелдердің теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған заңнамалық актілерді қабылдаудан басқа, осы мәселелердің барлығын шешу үшін кешенді практикалық шараларды қолдану басталды. 1925 жылдан бастап Қазақ-станның партия органдарында, билік аппараттарында, комсомол және профсоюз ұйымдарының ішінен әйелдердің мәселесін қарастыруға бағытталған бөлімдер құрыла бастады. Әйелдердің құқығын көтеруге бағытталған БАҚ басылымдары, кино, үгіт-насихат жұмыстары кең жүргізіле бастады [1]. Әсіресе, әйелдер қатынасқан әкімшілік органдардағы жиналыстар жиі ұйымдастырылды. 1921 жылы Кеңестер Одағында әйел жұмысшылардың халықаралық мерекесі ретінде енгізілген 8 наурыз мерекесі тойлана бастады. Ол мереке Қазақстанда 1923 жылдан бастап аталып өте бастады. Бірақ, бастапқы жылдары қоғамның аталған мерекеге деген көзқарасы суық болды [2].

Кеңес Одағы әйелдердің білім саласындағы дәрежесін көтеруге 1920 жылдардан бастап кірісті. Бірақ, оның сапалы деңгейге көтерілуі ұзақ уақытты талап етті. Себебі, қоғамда орнығып қалған дәстүрлі ұлттық стереотиптер мен діни қағидалар әйелдердің интеллектуалдық әлеуетін ашуға бірден жол бермеді. Дәстүрлі қазақ отбасыларының үлкендері зайырлы білім алуды қыз балаларға қажет жоқ деп қабылдады. Сол кезеңдегі ұлттық көзқарас бойынша қыз балалардың басты міндеті тұрмысқа шығу,

бала туу және бала тәрбиелеумен өлшенді. Осыған байланысты қыз балалардың мектепке баруы және оны тұрақты түрде оқып аяқтауы 1920 жылдары өте сирек кұбылыс болды.

1920-1921 жылдары Қазақстандағы мектептерге балалардың 30-40% ғана барды [3]. Ол мектептердің 70% қоғамдық демеушілік есебінен өмір сүрді. Республикадағы мектептердің 30% мемлекет есебінен қаржыландырылды. Осыған байланысты тиісті инфрақұрылым мен оқулықтардың, мұғалім кадрлардың жетіспеушілігі мемлекетті жалпыға бірдей білім алуға шақыратын зағанаманы қабылдауға мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты қазақтардың сауаттылық деңгейі өте төмен болды. 1922 жылғы дерек бойынша қазақтардың 95,1% сауатсыз болса, халықтың 7% ғана қалаларды тұрды [3]. Ерлер мен әйелдердің сауаттылық деңгейін салыстырып қарайтын болсақ, онда әйелдердің сауаттылығының төмен болғандығына көз жеткіземіз. 1922 жылы Қазақстандағы әйелдердің сауаттылық дәрежесі ерлерден 40% төмен болған. Мұның себебін, әйелдердің сауатын ашатын білім және діни оқу орындарына баруға мүмкіндігінің төмен болуымен байланыстырамыз. Ер адамдардың басым көпшілігі өзінің сауатын діни оқу орындарында ашты. Әйелдерге діни білім алу институттарына баруға тиым салынды [4].

1922 жылы Шығыс коммунистік еңбекшілері университетінде 672 студент оқыды, оның ішінде 23 қазақ, олардың арасында бірде-бір әйел болған жоқ [5]. 1927 жылы аталған университетті алғашқы түлектері аяқтап шықты. Олардың арасында 1927 жылғы қысқа мерзімді түлектердің қатарында партияның Семей губерниялық комитеті жіберген Мәриям Бәкірова (1905 жылы туған) болды. Оның естелігінде университет туралы келесідегідей жазбалар қалдырылған: «жалпы оқу бойынша даму аз, практикалық жұмыс тәжірибесі нашар, мәселелерге қызығушылық үстіртін ойластырылған, оқудағы өзіндік жұмыс дағдылары төменгі деңгейде. Курс нашар өтті. Түлектер тек шаруалар мен ауылдық ауқымда жұмыс істеуге жарамды» [6].

Жоғарыдағы аталған мәліметтерден 1920 жылдары Қазақстандағы білім беру ісінің әлсіз ұйымдас-тырылғандығын және жоғары білікті мамандар даярлауға мүмкіндігінің жетпегендігін көреміз. Сонымен қатар, әйелдердің білім ісіне қатыстырылу процесі де төменгі көрсеткішке ие болды.

1920 жылдардың соңында кеңестік билік әйелдердің қоғамдағы статусын өзгерту бойынша практикалық шешімдер қабылдады. Дәстүрлі қазақ қоғамында қалыптасқан полигамиялық неке, қалың мал шарттарына заң жүзінде шектеу қойылды [7]. Әйелдердің қоғамдағы бала туу және оны тәрбиелеу негізгі қызметін өзгертетін шешімдер қабылданды. Әйелдерді индустрияландыру, ұжымдастыру науқан-дарына тарту жұмыстары кең жүргізіле бастады. 1925 жылдан бастап Қазақстанда индустрияландыру саясатының жүзеге асқандығы белгілі. 1928 жылы ауылшаруашылығында басталған колхоздастыру саясаты қоғамның барлық мүшелерінің бір уақытта және тең дәрежеде белсенді жұмыс істеуін талап етті.

Кеңестер билігі бес жылдық жоспарлы экономика саясатын жүзеге асыруда жаппай еңбек міндеткерлігін атқару ережесін бекітті. Бұл ереже аясында жоспарлы экономиканың талаптарын орындау үшін қоғамның барлық мүшелерінің белсенді қызмет атқаруы тиіс болды. Қазақстанда өндіріс және ірі өнеркәсіп нысандары салына бастады. Колхоз, зауыт-фабрика, цех жұмыстарына білікті мамандар және жұмысшылар қажет болды. Осы мақсатты орындау жолында большевиктер билігі қоғамның сауаттылығы мен білім деңгейін көтеруді дұрыс деп тапты. 1932 жылдан бастап Кеңестер Одағында он жылдық орта білім жүйесі іске қосылды және ол мектеп жасындағы балаларға міндетті саналды [8].

1930 жылдары кеңестік білім беру ісінің мазмұндық аспектісі мұқият қарастырылды. Кеңестік билік мектепті социалистік реформаларды жүргізудің негізгі локомитвіне айналдыруды көздеді. КСРО Халық ағарту комиссариаты білім беру саласының реформаларын социалистік индустриялық-аграрлық реформа-лардың мүддесіне сай ұйымдастыруды қолдады. Яғни, білім беру саласының бағыттары мемлекеттің идеологиялық-экономикалық базистеріне ыңғайланып жасалынды.

Бұл білікті кадрлар мен жұмысшылар тобын қалыптастыру арқылы жүзеге асатындығы белгілі еді. 1930 жылдардың ортаасында КСРО Халық ағарту комиссариаты қыз балаалар мен әйелдердің сауатын ашу, біліктілігін арттыру және экономикалық-идеологиялық жұмыстарға кең тартуды басты мақсаты етіп таңдады. Қазақстанда бұл тенденция аз қарқынмен жүзеге асты. Әрине, әйелдердің ауылшаруашылық-өнеркәсіп саласындағы белсенділігі 1936 жылы 1925 жылмен салыстырғанда 2,5 есеге ұлғайды [2]. Әйелдердің арасынан тракторшы, механик, оператор қызметтерін атқарған мамандар пшыға бастады. Бірақ, білім саласындағы олардың маман және білім алушы ретіндегі үлестері төмен болды.

1932 жылы Қазақстандағы жоғары және орта білім салаларындағы мұғалімдердің 78% жуығы ер адамдар болды. Олардың көпшілігін ерікті түрде қысқа білім дайындықтарынан өткен комсомолдар құрады [9]. Ауылды жерлердегі мектептерде мұғалімдер жетіспеді. Деректерге қарағанда 1937 жылы Қазақстанның ауылдымекендеріндегі мектептерге 3000 жуық мұғалім кадрлары жетіспеді. 1936-1937

жылдары Қазақстанда мұғалімдердің дефицитін жою мақсатында жазғы курстар ұйымдастырылып оларға елдегі мұғалімдердің 10-12% тартылды [10]. Жазғы курстардың ұйымдастырылу формасының бір ерекшелігі онда қыз балалар мен әйелдердің санының көп болып табылуын атауға болады. 1937 жылы жедел мұғалім даярлайтын жазғы курстарды 1300 жуық әйелдер аяқтап шықты және олар елдің түрлі аймақтарына мұғалім ретінде жолданды [11]. Кеңестік билік мұғалімдердің біліктілігін арттыру мен даярлау ісінде кеңестік идеологияның принциптеріне аса көңіл аударды. Кеңестік мұғалім бір уақытта білім беруші және үгіт-насихат жүргізуші қызметтерін қатар атқарды. Бұл мақсатта саяси-идеологиялық белсенділігі төмен әйелдердің рөлі жоғары болды.

Американдық тарихшы R.L. Griswold атауынша большевиктер билігі 1930 жылдары әйелдерді білім ісіне белсенді тарту нәтижесінде екі нәтижеге қол жеткізе алды: 1. коммунистік идеологияның шын жақтастарына ие болды. 2. болашақ ұрпақтың коммунистік рухта өсуіне жағдай жасады. Сталиндік басқару аппараты идеологияға қарсы шығушылардың басым көпшілігінің ерлер екендігін және олардың саяси сауаттылығының жоғары екендігін жақсы ескерді. Саяси-идеологиялық сауаттылығы төмен әйелдерден мұғалім, өндіріс кадрларын даярлау арқылы кеңестік билік өзінің шынайы жақтастарының санын ұлғайтуды көздеді [12]. Жоғарыда аталған автордың пікірімен келісуге болады. Бұл тарихи құбылысы сол кезеңдегі кеңестік Қазақстанға да тән болатын. 1937-1938 жылдары сталиндік репрессия Қазақстанда 100 мыңнан астам ер адамдардың құрбан болуына алып келді. Олардың көпшілігі ағартушылық саласының өкілдері болып табылатын [13].

1938 жылы Қазақстан Халық ағарту комиссариаты мұғалімдерді қысқа мерзімде даярлаудың жүйесін жетілдіру мен тұрақты түрде біліктілігін арттырудың қаулысын қабылдады. Ол қаулы аясында педагогикалық кадрларды даярлаудың оқу бағдарламасына бірқатар өзгерістер енгізілді. Басты өзгеріс мұғалімнің 4 жылдық орта білімінің болуы еді [14].

Осыған дейін орта білім беру жүйесінде 6 айлық курстан өткен біліммен мұғалімдерге қызмет атқаруға рұқсат берілетін. Жаңа бастама мұғалім даярлайтын техникумдар мен институттарға қосымша жауапкершілікті артты. 1939 жылы Халық ағарту комиссариаты әйелдердің педагогикалық кадрлардағы үлесін 1932 жылмен салыстырғанда 1,4 есеге дейін арттырды [14]. Бірақ, әйелдердің педагогикалық саладағы үлесі соғыс басталғанға дейін күрделі өзгеріске ұшырамады. Бұл даму үрдісі 1941 жылы Екінші дүниежүзілік соғысы басталғанға дейін жалғасын тапты.

1941 жылы КСРО үшін басталған Екінші дүниежүзілік соғысы қоғамдағы гендерлік байланыстардың қайтадан қалыптасуы мен дамуына ықпал етпей қоймады. 1914 жылы 5 миллионға жуық халқы бар Қазақстаннан майданға 1,2 млн. ер азамат аттанды. Яғни, елдегі жалпы тұрғындардың 4/1 майданға аттан-ды [1, б. 53]. Майданды азық-түлік, соғыс техникалары мен материалдарымен қамтамасыз ету міндеті әйелдердің мойнына түсті. Әйелдердің қоғамдағы тұрмыстық-әлеуметтік қызметтерінен өндіріс-тік-шаруашылық міндеттері асып түсті. Соғысқа дейін әйелдердің күнделікті өмірінің 14-15 сағаты отбасымен байланысты болса, соғыс жылдарында оның көлемі 5-6 сағатқа дейін қысқарды. Қазақстан-дағы кеңестік экономиканың негізгі базасы колхоз жүйесіндегі әйелдердің соғыс жылдарындағы үлесінің артуы 2,5 есеге өсті [9]. Жалпы еңбекке қабілетті адамдардың арасында әйелдердің рөлінің жоғарылауын төмендегі кестеден көре аламыз (кесте 1).

Кесте 1. Соғыс жылдарындағы Қазақстандағы еңбекке қабілетті адамдардың категориясы

Адамдар категориялары	1940	1941	1942	1943	1944	1945
Ер адамдар	567 700	508600	257 925	244 789	210 900	242 384
Әйелдер	514 200	586 700	649 082	659 350	608 000	609 952
Жасөспірімдер	230 828	Мәлімет жок	230 509	254 889	266 077	237 200

Жоғарыдағы кестеде анықталынған мәліметтер әйелдердің еңбекке қабілетті тұрғындардың топтарының ішінде ерлерден қарағанда 3 есеге жуық жоғары көрсеткішке ие болды [15]. Әйелдер өнеркәсіп пен ауылшаруашылығындағы негізгі жұмыстарды атқарудың көзіне айналды. Бірақ, бұл өзгеріс соғыс аяқталған соң өзгеріске ұшырады. Ал, әйелдердің педагогика саласындағы рөлі соғыс аяқталған соң кеміген жоқ. Себебі, соғыс жылдары орта білім және ЖОО салаларындағы кадрлардың 60% жуығын әйелдер құрады. Бұл орта білім саласында 80% көрсеткішке дейін жетті [15].

Соғыс жылдары мектептерде мұғалімдердің дефицитінің салмағы ауыр сезілді. КСРО ХКК 1942 жылғы 28 шілдедегі қаулысына сәйкес мектептердегі педагогикалық кадрлардың дефицитін жою үшін зейнетке шыққан және басқа салаларда мамандығы бойынша емес жұмыс жасап жүрген бұрынғы мұғалімдерді қайта оралту шаралары қолға алынды [16]. Сонымен қатар, бұл қаулы аясында мұғалім

әйелдерді басқа қоғамдық міндеттерден босату ережесі бекітілді. Себебі, КСРО үкіметі педагогикалық кадрлардың 70-80% әйелдерден құралатынын жақсы білді.

Мектептерді мұғалім кадрларымен қамтамасыз етуге орта арнайы және жоғары педагогикалық білім беру мекемелері мен біліктілікті арттыру курстары үлестерін қосты. Олардағы негізгі контингентті әйелдер мен жас қыздар құрады. 1943 жылы Қазақстанның педагог кадрларды даярлау бойынша мекемелерін ұзақ және қысқамерзімде 543 әйелдер бітірді. Олардың жас ерекшеліктері төмендегі кестеде көрсетілген (кесте 2).

Кесте 2. 1943 жылы педагогикалық білім алып шыққан әйелдердің жас ерекшеліктері

№	Жас аралықтары	Саны
1	18-22	189
2	23-27	231
3	28-32	67
4	33-37	32
5	38-42	24

Жоғарыдағы кестеде көрсетілген мәліметтерге талдау жасай отырып, жалпы педагогика мамандықтарына иеленген әйелдер категориясының ішінен 23-27 жас аралығындағы әйелдердің басым болғандығына көз жеткіземіз. Олардың жалпы пайыздағы көрсеткіші 42% құрайды [17]. Бұл жастағы әйелдердің көп болуының себептерін келесідегідей аргументтермен түсіндіруге болады: 1. Жеке тұлғалық шешімдер қабылдауға қабілетті болуы. 2. Өмірлік позицияларын өзгертуге әзір болуы. 3. Негізінен тұрмысқа шығып үлгермеген әйелдердің тобынан болуы.

1940 жылдары қазақ қоғамында ертедегі тұрмыстық және некелік дәстүрлердің соңғы элементтері ауылды жерлерде сақталып қалып қалып болатын. Көптеген қазақ отбасылары өздерінің қыздарын 17-20 жас аралығында тұрмысқа беруге асығатын. Ал 23-25 жастағы қыздардың тұрмысқа шығу мүмкіндіктері уақыт сайын азая берді және бұл фактор олардың өмірлік басқа ресурстарды іздеуіне алып келетіндігін болжаймыз. Осыған байланысты 23-27 жас аралығындағы қыздардың педагог, механик, партия қызмет-кері, оператор, машинист мамандықтарын алуға үлестері басқа жастағыларға қарағанда жоғары болды [17].

Қазақстанда соғыс жылдардағы әйелдердің педагогика саласындағы сапасы мен озық нәтижелерін ескере отырып, арнайы әйелдер жоғары оқу мекемесін құру жоспарланды. Ол жоспардың жобасы 1943 жылы бекітілді, 1944 жылы Қазақстандағы алғашқы әйелдер педагогикалық институты ашылды. Ол Қазақ әйелдер педагогикалық институты деп аталды. Бұл институт Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтымен қатар, Қазақстанның педагог кадрларын даярлаудың флагманына айналды. Соғыс жылдарындағы деректерге қарағанда үлкен қалаларда орналасқан педагогикалық институттарға педагог мамандығын алуға түсуші қыздардың 74% жуығы ауылды елді мекендерден шыққандар саналды. Мысалы, 1944 жылы Қазақ әйелдер педагогикалық институтына Өскемен, Павлодар, Қызылорда облыстарынан қыз балалар басым қабылданған. Олардың бірқатары жергілікті әкімшіліктің педагогика мамандығы бойынша дефицитті жоюға бағытталған арнайы жолдамалары бойынша оқуға қабылданды. Өскемен қаласынан 6 қыз, Қызылорда облысынан 8 қыз осындай жолдама аясында институтқа қабылданған [18]. Қалаларда өмір сүретін жастардың педагогика мамандығын алу бойынша ынтасы ауыл жастарымен салыстырғанда төмен болды. Олар көбінесе политехникалық институттар мен бухгалтер, экономист, медицина мамандықтарын алуға ықылас танытты.

Ауылды жерлерден қаладағы оқу орындарына келіп түсушілердің бірінші ұшырататын әлеуметтік мәселесі тұрғылықты мекен-жай саналды. Педагогикалық институттардың басым бөлігі Қазақстанның сол кездегі астанасы Алматы қаласында орналасты. Алматы қаласындағы педагогикалық училищелер мен институттар студенттерді соғыстың зардаптарына байланысты толыққанды жатақханамен қамтамасыз ете алмады. Оның үстіне қалаға оккупацияға тап болған Ресей, Украина, Беларусьтан эвакуацияланған зауыттар мен фабрикалардың жұмысшыларын ағылып келіп жатты. Оларды жатақханамен қамтамасыз ету қала әкімшілігінің бірінші міндеті болып табылды. Осыған байланысты педагогикалық институттардың бірқатар жатақханалары жұмысшыларға бөлініп берілді. 1943 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының 80 орындық жатақханасына жұмысшылар орналастырылды [19].

ЖОО басшылары студенттерді тиісті баспанамен қамтамасыз етуге ұмтылғандығын атап өту қажет. Әсіресе, қыздарды жатақханамен немесе баспанамен қамтамасыз ету алдыңғы тапсырмаларға жатты. Мысалы, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтында педагогика мамандығымен білім алушы

24 қыз студентке институттың әкімшілік ғимаратының бір бөлмесінен уақытша өмір сүруге орын бөлінген. Осыған ұқсас факторлардың соғыс жылдары көп кездескендігін түсінеміз.

Педагог мамандарды даярлаудағы тағы бір мәселе ол оқу-әдіснамалық және материалдық құралдарымен жабдықтауда көрініс тапты. Аудиториялық сабақтарда көрнекі құралдар жетіспеді. Тарих, география, қазақ тілі сияқты пәндер бойынша оқулықтар тапшы болды. Оқу орындары оқулық мәселесін шешу жолында кітапхана қорын ұлғайту мен жетілдіруге көп көңіл болды. 1944 жылы Қазақстандағы педагогикалық институттардың кітапхана қоры 214 мың томнан 308 мың томға дейін ұлғайтылды [19]. Кітапхана қорларындағы теориялық-методологиялық оқулықтардың саны артты. Бірақ, осы мәселе аясында білім алушылар үшін тілдік кедергілер ортаға шықты. Қазақстанның ЖОО жүйесінің кітапхана-ларындағы пәндік оқулықтардың 85% орыс тілінде болды [Капаева, 2015]. Бұл ауылды елдімекендерден келген қазақ қыздарына қосымша күш түсірді. Оларға орыс тілін үйрену, кітаптағы мәліметтерді түсіну және сабақ барысында айтып беру психологиялық төзімділікті талап етті.

Жалпы орыс тіліндегі әдебиеттермен жұмыс және оларды меңгерудің мәселесі Қазақстанда, Орталық Азия елдерінде 1991 жылға дейін күшінде болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс Қазақстанның әйелдерінің өміріне кәсіби тұрғыдан жаңа үндеулерді жолдады. Қазақстан әйелдері ерлердің жаппай майданға аттануына байланысты шаруашылық пен эконо-микадағы түйінді нысандардың мамандықтарын уақытша болса да өз қолдарына алды. Ал, педагогика саласындағы олардың рөлі бүгінгі таңға дейін нақты әсерін қалдырды. Бүгінгі таңда Қазақстанда 2022 жылғы дерек бойынша ауылдық жерлерде мұғалімдердің орта есеппен 71% әйелдер, ал қалада - 83% құрайды [gender.stat.gov., 2022]. Қазақстанда әйелдердің жалпы мұғалімдер корпусындағы үлесі 77%, директорлар копусында 53% құрайды. Салыстырмалы тұрғыда OECD елдерінде мектеп директор-ларының 47%-ы әйелдер, мұғалімдердің 68% әйелдер катеогриясына жатады [20]. Тарихи деректер бойынша 1947 жылы Қазақстандағы педагогтардың 62% әйелдер құраған [10]. Бұл көрсеткіштің сол кезеңнен бастап өспесе кемімгендігіне көз жеткіздік. Ал, 1939 жылы соғыс қарсаңында Қазақстандағы педагогтардың 48% әйелдерден құралғандығын [21]. ескерсек, соғыс процессінің білім саласына гендерлік тұрғыдан қандай әсер жасағандығын көреміз.

Талқылау.

Қазақстанның Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы педагогика саласы бойынша тарихы аз зерттелген тақырыптардың қатарына жатады. Соғыстың саяси-әлеуметтік, өндірістік-шаруашылық аспектілерінің тарихнамасы жоғары зерттелген тақырыптарға жатады. Осы мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерді теориялық-әдіснамалық ұстанымдары бойынша 2 кезеңге бөлуге болады: 1. Кеңестік Қазақстан. 2. Тәуелсіз Қазақстан.

1. Кеңестік дәуірде жарық көрген әдебиеттер коммунистік идеологияның аясында жазылғандығымен және «пролетариат ағартушылығы», «жасасын кеңес мұғалімі» деген сияқты ұрандардың контекстінде жарияланған. Олардың негізгі мақсаты кеңестік кезеңдегі Қазақстанның тұрғындарының жалпыға бірдей орта білім алуға қол жеткізуі, мұғалімдердің статусының өзгеруі, жаппай сауаттылық деңгейінің көтерілуі процесстерін ғылыми негіздеу болды. Бірақ, кеңестік зерттеушілер мұғалімдерді даярлау ісіндегі ұйымдастырушылық-басқару мен тұрмыстық қиындықтары туралы мәселелерге назар аудармауға тырыс-ты. К.Т. Галкин [22], М.А. Акимжанов, С.Б. Баишев, А.Э. Измайлов еңбектерінде социалистік Қазақ-станның білім саласындағы жеткен жетістіктеріне жан-жақы баға берілген. Авторлар соғыс кезіндегі Қазақстанда ұйымдастырылған арнайы училищелердің қызметіне архив деректеріне негізінде сипаттама жасап, олардың жеткен жетістіктеріне оң пайымдарын танытқан. А.Э. Измайлов Қазақстанның ағартушылық тарихына сипаттама беріп, 1930-1940 жылдарды осы саладағы бетбұрыс кезеңі деп атайды. Оның белгілерінің бірі ретінде 1932 жылғы жалпыға ортақ 10 сыныптық мектеп жүйесінің қалыптасуын алға тартады.

Кеңестік білім практикасында сырттай оқу жүйесі кең тараған болып саналады. Оның алғышарттары 1930 жылдардағы индустриаландыру саясатымен бірге енгізілген болатын. Соғыс жылдары кадрларды сырттай оқыту және мамандықтарды тағайындау процессі кең жүзеге асты. Соғыс жылдарындағы Қазақстанның сырттай педагогикалық білім беру қызметінің тетіктері И.Б. Мадин жарияланымында жан-жақты қарастырылған. Сырттай білім беру ісінің әйелдердің кәсіби біліктілігін арттырудағы рөліне И.Б. Мадин жоғары баға берген. Бұл еңбек сырттай оқу жүйесінің ағартушылық-экономикалық аспектілеріне тарихи баға берген алғашқы ғылыми әдебиет болып табылады.

Г.К. Задорожный, К.Д. Жуламанов еңбектерінде 1940-1960 жылдардағы Қазақстанның мектеп жүйесінің қызметіне баға берілген. Г.К. Задорожный Қазақстан мен Орталық Азияның кеңестік республи-каларының мектептерінің білім нәтижелері мен статистикалық мәліметтеріне салыстырмалы-талдау жүргізген. Статистикалық мәліметтерде әйелдердің педагогика саласындағы көлеміне қатысты мәлімет-тер келтірілген.

Кеңестік кезеңде жарық көрген әдебиеттердің мазмұны мен ұстанымдарына сипаттама жасай отырып, олардың социалистік рухта жазылғандығына көз жеткіземіз. Авторлар социалистік кезеңде туындаған білім және ағартушылық мәселелерінің себептеріне көз жұма қарады. Кеңестік кезеңнің артықшылықтарын дәріптеу мақсатында патшалық Ресей немесе ортағасырлардағы қоғамдық ағартушылық дәрежелерінің кемшіліктерін мысалға келтіруге ұмтылды.

2. Тәуелсіз Қазақстанда педагогика тарихының жаңа тарихнамасы қалыптасты. Бұл тарихнама өзінің ерекше теориялық-методологиялық ұстанымдары мен тың идеяларын ұсынды. К.С. Туякова, С.Г. Мачнева жарияланамында Қазақстанның жалпы педагогика тарихына сипаттама берілген. Оның ішінде 1930-40 жылдардағы білім саласының жетістіктері мен кемшіліктеріне жан-жақты ғылыми баға берілген. К.Ш. Кужахметова [20] соғыс жылдарындағы Қазақстанда жұмыс атқарған техникалық және кәсіби білім беру ісінің нәтижелеріне тарихи көзқарас танытқан.

Р.С. Жаркынбаева, А.М. Уразбаева мақаласында Қазақстан әйелдерінің Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы тарихының тарихнамасына ғылыми талдаулар жасалған. Авторлар кеңестік тарихнамада соғыс жылдарындағы әйелдердің өнеркәсіп пен ауылшаруашылық салаларындағы қызметтерінің материалдық жетістіктеріне басым назар аударылғандығын, оның тұрмыстық-психологиялық мәселелерінің қарастырылмағандығын атап өтеді. Р.С. Жаркынбаева, А.М. Уразбаева пікірі бойынша кеңестік кезеңде әйелдерге ер адамдармен қатар қоғамдық мәртебе беріліп, олардың гендерлік ерекшеліктеріне көз жұма қаралған [18].

Г. Бырбаеваның [15] ғылыми мақаласы жоғарыдағы авторлардың көзқарасымен сәйкес келеді. Г.Бырбаева әйелдердің соғыс жылдарындағы гендерлік позицияларының түбегейлі өзгергендігін және оның оң, теріс әсерлеріне баға беруге ұмтылған. В.Н. Шепель Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы әйелдердің білім саласындағы реформалық рөліне баға берген. Автордың ойынша соғыс құбылысы кеңестік орталықазиялық елдердегі әйелдердің педагогика жүйесіндегі үлесін 3 есеге жуық арттырып, мектептердің әйел ұжымына айналуына жол ашты.

Посткеңестік тарихнамада соғыс жылдарындағы әйелдердің күнделікті өмір тарихы, кәсіби білімінің көтерілу процесі, педагогика саласындағы көлемінің күрт артуы, өндірістегі белсенді әрекеттеріне әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан баға беруге ұмтылушылық байқалады.

Қорытынды.

Соғыс құбылысы Қазақстан әйелдерінің санасында үлкен білім және ағартушылық төңкерісін тудырды. Олардың білім саласындағы үлесінің қаншалықты артқандығын жоғарыда жан-жақты талқылап өттік. Екінші дүниежүзілік соғыстың қиыншылықтары әйелдердің мамандықтарының диверсификация-лануына алып келді. Соғыс дейінгі кезеңде кеңестік билік әйелдердің ауылшаруашылық пен өндіріс салаларына сапалы бейімделуін қалыптастыра алды. Ал, педагогика саласындағы олардың орны мен қабілетіне қоғамдық бірқатар күмәндер өмір сүрді. Аталған күмәндардың толыққанды жойылуы мен жұмыс атқарушы механизмге айналуына соғыс факторы жоғары ықпал етті. Әйелдер ерлердің бірқатар экономикалық-шаруашылық нысандарындағы орындарын уақытша басты. Ал, білім саласындағы олардың доминанттық позициясы әлі күнге дейін жалғасын тауып келе жатыр. Әйелдер өзінің психо-логиялық ерекшеліктеріне сай, адамдармен керемет жұмыс жасай алатындықтарын дәлелдеді. Оларға адамдармен жұмыс жасау және үйрету әрекеттері қолайлы болды. Бұл ерекше қабілеттің мәнін Қазақстан әйелдері соғыс жылдары айқын түсіне білді. Осыған орай, әйелдердің педагогика саласына жаппай көшуі және басқа мамандықтан білім жүйесіне ауысу тенденциялары осы күнде де жиі көрініс табады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шепель В.Н. [2010] *Женщины Казахстана в трудные военные годы. Мысль, №3, С. 98-100.*
2. Баишев С.Б. В.И. Ленин и Советский Казахстан. - *Алма-Ата: Казахстан, 1970. - 212 с.*
3. Галкин К.Т. *Высшее образование и подготовка научных кадров в СССР. - Москва: Советская наука, 1958. - 176 с.*
4. Жуламанов К.Д. *Высшая школа республик Средней Азии и Казахстана [1961-1975 гг.]. - Алма-Ата: Наука, 1981 -120 с.*
5. *Задорожный Г.К. Школы Казахстана [1946-1970 гг.]. - Алма-Ата: Наука, 1975. - 246 с.*
6. *Измайлов А.Э. Просвещение в республиках Советского Востока. - Москва: Педагогика, 1973.- 368 с.*
7. *Мадин И.Б. Высшее заочное педагогическое образование в Казахстане. - Алма-Ата: Знание, 1961 - 24 с.*
8. Туякова К.С., Мачнёва С.Г. *История педагогики Казахстана: создатели системы образования. Современная высшая школа: инновационный аспект. 2012. №3. С. 18-25.*

9. Кужахметова К.Ш. Социально - экономическая модернизация в Казахстане глазами казахских просветителей [задачи технического и профессионального образования в XIX и XXI веках]. Педагогическая наука и практика. 2019. № 1. С. 36-43.
10. Новичков А.В. Проблема педагогических кадров в СССР в 30-е годы XX века. Омский научный вестник № 2. [66]. 2008. С. 15-18.
11. Акимжанов М.А. Осуществление ленинских идей в области подготовки кадров учителей в Казахстане. - Алма-Ата: Знание, 1969.-29 с.
12. Жарқынбаева Р.С., Уразбаева А.М. Қазақстан әйелдері Ұлы Отан соғысында: мәселенің тарихнамасы. Journal of history. №2 [89]. 2018. 214-221.
13. Бырбаева Г. [1996]. Женщины Казахстана в годы Великой Отечественной войны. Алматы. 90 с.
14. Клочков, И.Д. Совершенствование подготовки квалифицированных рабочих. – Москва, 1975.
15. Нурбекова Г. [1968] Женщины Казахстана фронту: Трудовые подвиги женщин в промышленности Казахстана в Великой Отечественной войне 1941-1945 гг. Алма-Ата
16. Жарқынбаева Р.С. [2017] Великая Отечественная война: социокультурная память и коммеморативные практики в постсоветском Казахстане [Гендерный аспект] // Женщина в российском обществе. № 1 [82], С. 103-116
17. Сембаев А.И. История развития советской школы в Казахстане / А. И. Сембаев. — Алма-Ата: Казах. гос. учеб.-пед. изд-во, 1962. — 365 с.
18. ҚР ОММ. — Қ. 1564. — Он. 2. — Д. 104. — Л. 6.
19. Қожабекова А.Д. Кеңес өкіметінің әйелдерді қоғамдық-саяси қызметке тарту тәжірибесі: нақтылы тарихи-зерттеу [Қазақстан мысалында. 1917–1990 жж]: Тарих ғыл. канд. ... автореф. — Алматы, 2007. — 92 б.
20. Attwood, Lynne. Hearing a Woman's Voice: Female Perspectives on Change in Russia and the Former Soviet Union. Journal of Women's History. No. 2 [1996]: 181-190.
21. Griswold, R.L. Russian Blonde in Space: Soviet Women in the American Imagination, 1950-1965. Journal of Social History. No. 4 [2012]: 801-907.
22. Қапаева А.Т. Науқа и культура Казахстана в годы Великой Отечественной войны. [Мир Большого Алтая](#), 2015. № 3 [17], С. 14-20.

References:

1. Şepel V.N. [2010] Jenuşını Kazahstana v trudnyye voennye gody. Mysl, №3, S. 98-100.
2. Baişev S.B. V.İ. Lenin i Sovetskii Kazahstan. - Alma-Ata: Kazahstan, 1970. - 212 s.
3. Galkin K.T. Vyssşee obrazovanie i podgotovka nauchnyh kadrov v SSSR. - Moskva: Sovetskaya nauka, 1958. - 176 s.
4. Julamanov K.D. Vyssşaya şkola respublik Srednei Azii i Kazahstana [1961-1975 gg.]. - Alma-Ata: Nauka, 1981 -120 s.
5. Zadorojnyi G.K. Şkoly Kazahstana [1946-1970 gg.]. - Alma-Ata: Nauka, 1975. - 246 s.
6. İzmailov A.E. Prosveuşenie v respublikah Sovetskogo Vostoka. - Moskva: Pedagogika, 1973.- 368 s.
7. Madin İ.B. Vyssşee zaochnoe pedagogicheskoe obrazovanie v Kazahstane. - Alma-Ata: Znanie, 1961 - 24 s.
8. Tuyakova K.S., Machnëva S.G. İstoriya pedagogiki Kazahstana: sozdateli sistemy obrazovaniya. Sovremennaya vyssşaya şkola: innovatsionnyi aspekt. 2012. №3. С. 18-25.
9. Kujahmetova K.Ş. Sotsialno - ekonomicheskaya modernizatsiya v Kazahstane glazami kazahskih prosvetitelei [zadachi tehničeskogo i professionalnogo obrazovaniya v XIX i XXI vekah]. Pedagogicheskaya nauka i praktika. 2019. № 1. С. 36-43.
10. Novichkov A.V. Problema pedagogicheskikh kadrov v SSSR v 30-e gody HH veka. Omskii nauchnyi vestnik № 2. [66]. 2008. S. 15-18.
11. Akimjanov M.A. Osuuştvlenie leninskih idei v oblasti podgotovki kadrov uchitelei v Kazahstane. - Alma-Ata: Znanie, 1969.-29 s. 12. Jarqynbaeva R.S., Urazbaeva A.M. Qazaqstan äielderі Ұлы Отан соғысында: мәселенің тарихнамасы. Journal of history. №2 [89]. 2018. 214-221.
13. Byrbaeva G. [1996]. Jenuşını Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voiny. Almaty. 90 s.
14. Klochkov, İ.D. Soverşenstvovanie podgotovki kvalifitsirovannyh rabochih. – Moskva, 1975.
15. Nurbekova G. [1968] Jenuşını Kazahstana frontu: Trudovye podvigi jenuşin v promyšlennosti Kazahstana v Velikoi Otechestvennoi voine 1941-1945 gg. Alma-Ata
16. Jarkynbaeva R.S. [2017] Velikaya Otechestvennaya voina: sotsiokulturnaya pamyat i kommemorativnye praktiki v postsovetskom Kazahstane [Gendernyi aspekt] // Jenuşina v rossiiskom obuşestve. № 1 [82], S. 103-116

17. Sembaev A.İ. *İstoriya razvitiya sovetskoi školy v Kazahstane / A. İ. Sembaev.* — Alma-Ata: Kazah. gos. ucheb.-ped. izd-vo, 1962. — 365 s.
18. QR OMM. — Q. 1564. — Op. 2. — D. 104. — L. 6.
19. Qojabekova A.D. *Keñes ökimetiniñ äielderdi qoğamdyq-sayasi qyzmetke tartu tәjiribesı: naqtyly tarihi-zertteu [Qazaqstan mysalynda. 1917–1990 jj]: Tarih ğyl. kand. ... avto-ref.* — Almaty, 2007. — 92 b.
20. Attwood, Lynne. *Hearing a Woman's Voice: Female Perspectives on Change in Russia and the Former Soviet Union.* *Journal of Women's History.* No. 2 [1996]: 181-190.
21. Griswold, R.L. *Russian Blonde in Space: Soviet Women in the American Imagination, 1950-1965.* *Journal of Social History.* No. 4 [2012]: 801-907.
22. A.T. Kapaeva. *Nauka i kultura Kazahstana v gody Velikoi Otechestvennoi voyny.* *Mir Bolşogo Altaya,* 2015. № 3 [17], S. 14-20.